

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 24 маусымдағы № 275 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 3 тамызда № 7098 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2012 жылғы 4 маусымдағы № 227 Бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2012.06.04 № 227 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрықтарымен бекітілген Жоғары білімнің кәсіптік оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру Ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережесіне және Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережесіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары бекітілсін.

2. М ы н а л а р д ы ң :

1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу орындарына қабылдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 160 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3642 болып тіркелген, Заң газетінде 2005 жылғы 30 қарашада № 158, 2005 жылғы 2 желтоқсанда № 160-161 б о л ы п ж а р и я л а н ғ а н ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 160 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 8 ақпандағы № 54 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4097 болып тіркелген, Заң газетінде 2006 жылғы 1 наурызда № 36 болып жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Әскери білім және ғылым департаментінің б а с т ы ғ ы :

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жолдасын;

2) мемлекеттік тіркегеннен кейін бұйрықты ресми жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралдарына жолдасын.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Ә.Қ. Құрманғалиевқа жүктелсін.

5. Бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі*

*Жақсыбеков*

К е л і с і л д і  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң  
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы  
М . О р ы н х а н о в

2011 жылғы 8 шілде

Қ о р ғ а н ы с Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р і н і ң

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4

м а у с ы м д а ғ ы

№ 2 7 5 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңдарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 638 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5115 болып тіркелген, Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне және Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 1 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5214 болып тіркелген, Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына (бұдан әрі - әскери оқу орындары)

кандидаттарды қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеуді:

1) әскери қызметшілер қатарынан - әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері (бастықтары);

2) әскери қызметте тұрмаған азаматтар қатарынан - жергілікті әскери басқару органдары жүзеге асырады.

3. Іріктеу жыл сайын 1 ақпанда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті әзірлейтін және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін әскери оқу орындарына қабылдау жоспарына (бұдан әрі - қабылдау жоспары) сәйкес жүзеге асырылады.

4. Қабылдау жоспарынан үзінділер оны бекіткеннен кейін онда көрсетілген әскери бөлімдер мен мекемелерге он күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі.

5. Әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері (бастықтары) үзінділерді алғаннан кейін әскери қызметшілер мен әскери қызметте тұрмаған азаматтарды әскери оқу орындарына түсуге үгіттеу жөніндегі жұмысты жүргізеді.

6. Үгіт іс-шаралары:

1) оқу орындарының бастапқы әскери даярлық оқытушыларымен, жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен кеңестер өткізуді, ардагерлермен кездесулерді ұйымдастыруды (жергілікті әскери басқару органдары өткізеді);

2) оларда әскери оқу орындарындағы өмірді, әскери қызметке қабылдау шарттарын, сипаты мен ерекшеліктерін көрсететін көрнекі үгіт құралдарын безендіре отырып, әскери бөлімдер клубтарының, офицерлер үйлерінің жанынан оқу-консультациялық пункттерді құруды (әскери бөлімдердің, мекемелердің командирлері (бастықтары) және гарнизон бастықтары жүргізеді);

3) әскери қызметшілермен және әскери қызметте тұрмаған азаматтармен жеке әңгімелесулерді жүргізуді (әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері (бастықтары), сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдары жүргізеді);

4) әскери оқу орындарына түсу үшін қажетті талаптарды жеткізуді (әскери бөлімдер мен мекемелердің командирлері (бастықтары), сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдары жүргізеді);

5) әскери қызметшілердің қызмет жағдайларымен, өмірімен және тұрмысымен танысу үшін азаматтардың әскери оқу орындарына, әскери бөлімдерге баруын ұйымдастыруды (әскери бөлімдердің, мекемелердің командирлерімен (бастықтарымен) және жергілікті әскери басқару органдарымен бірлесіп жүргізіледі) қамтиды.

7. Үгіт іс-шараларына қатысу үшін әскери бөлімдер мен жергілікті әскери

басқару органдарына оқу орындарының тіршілік әрекеті туралы ақпараттық материалды ұсына отырып, әскери оқу орындарының өкілдері жіберіледі.

## **2. Әскери оқу орындарына қабылдау үшін құжаттарды ұсыну**

8. Әскери қызметшілер оқуға түсетін жылдың 1 наурызына дейін командирдің (бастықтың) атына әскери атағын, тегін, атын және әкесінің атын, атқаратын лауазымын, туған күнін, білім деңгейін көрсете отырып, баянат береді.

Сонымен қатар баянатта әскери оқу орнының атауы және әскери қызметші оқығысы келетін мамандық көрсетіледі.

9. Командир (бастық) баянатты алғаннан кейін әскери оқу орнына түсуге ниет білдірген әскери қызметшінің кандидатурасын аттестаттау комиссиясында қарау туралы нұсқау береді.

10. Аттестаттау комиссиясы әскери қызметшінің кандидатурасы бойынша оң шешім қабылдаған кезде командир (бастық) оны медициналық куәландырудан өту үшін жібереді.

11. Әскери қызметші әскери қызметке жарамды деп танылған жағдайда оған әскери оқу орнына түсуге дайындалу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесі бойынша әскери оқу орындарына түсу үшін құжаттарды жинауға және ресімдеуге уақыт беріледі.

12. Әскери бөлімнің және мекеменің командирі (бастығы) жоғары тұрған қолбасшылықпен келісу және әскери оқу орындарының қабылдау комиссиялары қарау үшін әскери қызметшінің баянатымен және 1-қосымшада көрсетілген құжаттармен бірге, оқуға түсу үшін іріктелген кандидаттардың тізімі және әскери қызметшінің кәсіби іріктеу картасын осы Қағидаларға 2, 3-қосымшаларға сәйкес үлгілер бойынша ұсынады.

13. Әскери қызметшілер кандидаттарға іріктеу жүргізу туралы бұйрықпен белгіленген мерзімдерде әскери оқу орындарына жіберіледі.

14. Әскери қызметте тұрмаған және әскери оқу орындарына түсуге ниет білдірген азаматтар оқуға түсетін жылдың 1 наурызына дейін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жергілікті әскери басқару органдарына өтініш, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген тізбе бойынша құжаттарды б е р е д і .

15. Жергілікті әскери басқару органдары көрсетілген құжаттарды зерделейді және әскери қызметте тұрмаған азаматтарды алғашқы медициналық куәландырудан өткізеді.

16. Әскери қызметте тұрмаған азаматтардың құжаттарын зерделеу үшін жергілікті әскери басқару органдары алдын ала іріктеуді жүзеге асыратын

17. Әскери оқу орындарының комиссиялары қарау үшін әскери қызметте тұрмайтын азаматтардың өтініштерімен және 1-қосымшада көрсетілген құжаттармен бірге осы Қағидаларға 2, 4-қосымшаларға сәйкес үлгілер бойынша оқуға іріктелген кандидаттардың тізімі және кәсіби іріктеу картасы қоса беріледі.

### 3. Әскери оқу орындарына қабылдау

18. Оқуға түсетін жылы әскери оқу орындарында қабылдау комиссиялары құрылады, олар әскери қызметшілердің баянаттарын және әскери қызметте тұрмаған азаматтардың өтініштерін зерделеуді жүзеге асырады.

Қабылдау комиссияларының төрағалары болып әскери оқу орындарының бастықтары табылады.

Одан басқа, қабылдау комиссиясы:

- 1) кандидаттарды түпкілікті медициналық куәландырудан өткізуді;
- 2) түсу емтихандарын өткізуді (ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижелерін қарауды);
- 3) әскери қызметшілер мен әскери қызметте тұрмаған азаматтардың дене дайындығын тексеруді;
- 4) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша әскери оқу орындарына қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы хаттаманы ресімдеуді;

5) кандидаттардың әскери оқу орындарына оқуға қабылдау мәселелері жөніндегі шағымдарын қарауды жүзеге асырады.

19. Қабылдау комиссиялары қызметінің мерзімдері жыл сайын Министрдің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитеті төрағасының бұйрықтарымен, олардың құрамдары әскери оқу орындары бастықтарының бұйрықтарымен айқындалады.

20. Бакалавриатқа (жоғары білім беру мекемесіне) оқуға кандидаттарды қабылдау үш кезеңде жүзеге асырылады:

бірінші кезеңде - әскери оқу орындарының қабылдау комиссиялары медициналық, дене және психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша іріктеу жүргізе отырып, кандидаттардың тізімдерін қалыптастырады; екінші кезеңде - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес Әскери оқу орындарына қабылдау емтихандары (ұлттық бірыңғай тестілеу, кешенді емтихан) өткізілетін пәндер тізбесі бойынша ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерін алған ағымдағы бітіру жылы жалпы білім беретін мектептерді бітірушілердің арасынан кандидаттарды іріктеу; үшінші кезеңде - әскери оқу орындарының қабылдау комиссиялары медициналық куәландыру, дене дайындығын тапсыру, психофизиологиялық

іріктеу нәтижелері және тестілеу нәтижелері бойынша қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Магистратураға, докторантураға қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады (6-қосымша).

22. Магистратураға түсу емтихандарының бағдарламалары жоғары білімнің пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалады.

Докторантураға түсу емтихандарының бағдарламалары магистратураның кәсіптік оқу бағдарламалары негізінде жасалады.

23. Магистратураға қабылдау үш кезеңде жүзеге асырылады: бірінші кезеңде - қабылдау комиссиясы медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша іріктеу жүргізе отырып, кандидаттардың тізімдерін қалыптастырады;

екінші кезеңде - осы Қағидаларға комиссия хаттамасын жасаумен 6-қосымшаға сәйкес Әскери оқу орындарына қабылдау емтихандары (ұлттық бірыңғай тестілеу, кешенді емтихан) өткізілетін пәндер тізбесі бойынша және 7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша шағын комиссияның хаттамасын жасаумен түсу емтихандарын тапсыру жүргізіледі

үшінші кезеңде - әскери оқу орнының қабылдау комиссиясы медициналық, психофизиологиялық іріктеу және түсу емтихандарын тапсыру нәтижелері бойынша магистратураға қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

24. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес үлгі бойынша шағын комиссияның хаттамасын жасауды және дене дайындығын тапсыруды қоспағанда 6-қосымшаға сәйкес Әскери оқу орындарына қабылдау емтихандары (ұлттық бірыңғай тестілеу, кешенді емтихан) өткізілетін пәндер тізбесі бойынша докторантураға қабылдау медициналық куәландыру және түсу емтихандарын тапсыру негізінде жүзеге асырылады:

25. Шет тілі бойынша түсу емтихандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы әзірлеген технология бойынша тапсырылады.

26. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға жол берілмейді, медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша қайта іріктеу жүргізілмейді.

Қабылдау комиссияларының жұмыс кезеңінде шағымдарды қарау үшін әскери оқу орындарында апелляциялық комиссиялар құрылады.

27. Әскери оқу орнының магистратурасына оқуға қабылдауға дене дайындығы және мамандық бойынша түсу емтихандарының жиыны бойынша кемінде 8 балл жинаған (әрбір пән бойынша білімді бағалаудың 4 балдық шкаласы бойынша) кандидаттар жіберіледі, сондай-ақ шетел тілі бойынша емтихан тапсыру нәтижелері ескеріледі.

Әскери оқу орнының докторантурасына оқуға қабылдауға мамандық, сондай-ақ шетел тілі бойынша түсу емтихандарының жиыны бойынша кемінде 8 балл жинаған (әрбір пән бойынша білімді бағалаудың 4 балдық шкаласы бойынша) кандидаттар жіберіледі.

Бірдей балл көрсеткіштері болған жағдайда қабылдау кезінде мамандық, дене дайындығы және шет тілі бойынша анағұрлым жоғары бағасы бар кандидаттар басым құқыққа ие болады.

28. Әскери оқу орындарына тыңдаушыларды қабылдау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен, ал әскери оқу орындарына курсанттарды қабылдау тиісті әскери оқу орындары бастықтарының бұйрықтарымен жүргізіледі.

Тыңдаушылар мен курсанттарды қабылдау туралы бұйрықтардан үзінділер белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен әскер тектеріне, жергілікті әскери басқару органдарына және әскери бөлімдерге жеткізіледі.

29. Әскери оқу орындарына қабылдау туралы бұйрықтардан үзінділер оқуға қабылданған әскери қызметшілерді әскери бөлімдер тізімдерінен шығару үшін негіз болып табылады.

30. Қабылдау комиссияларының жұмысы аяқталғаннан кейін әскери оқу орындарының бастықтары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаментіне тыңдаушылар мен курсанттарға жүргізілген қабылдау туралы есеп беруді ұсынады.

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
әскери оқу орындарына  
қабылдау қағидаларына  
1-қосымша

## **Әскери оқу орындарына түсу үшін қажетті құжаттар тізбесі**

### **1. Әскери қызметшілер үшін**

1) № 8/ЖІ үлгісінің анықтамасы (офицердің өзі толтырған сауалнама, расталған бас киімсіз үш фотосурет, көлемі 4,5 х 6 см);

2) офицердің толық өмірбаяны (бұдан бұрын оқыған шетел тілін көрсете отырып);

3) әскери оқу орнында оқуға ұсынымы бар офицердің қызмет орнынан қызметтік мінездеме (әскери бөлімнің қолбасшылығы қол қойған және елтаңбалы мөрмен расталған);

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығында шетел тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы сертификат (куәлік) (бар болған жағдайда);

5) тұрақты әрекеттегі аттестаттау комиссиясының отырысынан үзінді - көшірме ;

6) нотариалды түрде куәландырылған білімі (қосымшасымен) және/немесе ғылым кандидаты туралы дипломның көшірмесі;

7) қызметтік карточка (бөлім командирі қол қойған және елтаңбалы мөрмен р а с т а л ғ а н ) ;

8) Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің көшірмесі;

9) офицердің қызметтік жеке куәлігінің көшірмесі;

10) некеге тұру (некені бұзу) туралы, балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмесі ;

11) әскери (арнайы) оқу орнынан түсетін офицердің медициналық куәландыру к а р т а с ы ;

12) психиатриялық, наркологиялық, тері-венерологиялық, туберкулез диспансерлерінен, АҚТВ/ЖҚТБ-ға анықтамалар;

13) есептік жыл үшін жеке табыс салығы жөніндегі декларацияны қабылдау туралы (салық төлеушінің салық есептілігін электронды түрде ұсыну туралы) Салық комитеті анықтамасының көшірмесі;

14) отбасы құрамы туралы анықтама;

15) еңбек сіңірген жылдары туралы анықтама және ақша аттестаты;

16) құжаттар тізбесі .

Ескертпе: жеке басын, білімін куәландыратын түпнұсқа құжаттар, мемлекеттік құпияларға рұқсаттаманың қолда бар болуы туралы мәлімет, ғылым кандидаты немесе докторының, жоғары білімнің (жақын және алыс шет елдерінің түрлік академиялары және оларға тең жоғары оқу орындары) дипломын нострификациялау (тану) туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық Аккредитациялау орталығы берген куәлік қабылдау комиссиясына жеке өзі ұсынады.

Докторантураға түсетіндер үшін оқу ісіне қосымша мыналарды қоса беру қ а ж е т :

1) қазақ немесе орыс тілдерінде зерттеу тақырыбы бойынша автореферат үлгісіндегі негіздеме ;

2) бар болған жағдайда ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі;

3) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақша.

## **2. Мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін**





(әскери оқу орнының, факультеттің атауы)

**оқуға түсу үшін іріктеген кандидаттардың  
тізімі**

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Ескертпе

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і н і ң  
ә с к е р и о қ у о р ы н д а р ы н а  
қ а б ы л д а у қ а ғ и д а л а р ы н а  
3-қосымша  
Үлгі

(әскери оқу орнының атауы)  
\_\_\_\_\_ факультетіне

(бөлімшесіне)

түсетін мерзімді қызмет әскери қызметшісін кәсіби іріктеу  
картасы

1. Әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты

2. Туған жылы және айы

3. Ұ л т ы

4. Білім) \_\_\_\_\_

(оқу орнының атауы және бітірген жылы)

5. Әлеуметтік шығу тегі

6. ҚК-ға немесе ӘТК-ға шақырылғанға дейінгі лауазымы және жұмыс өтілі

7. Мемлекеттік наградалары

8. С ы н ы п т ы л ы ғ ы

9. Спорттық атағы немесе спорттық разряды (спорт түрі)

10. ҚР ҚК-да \_\_\_\_\_ бастап

11. Қызмет мерзімі және атқаратын лауазымы \_\_\_\_\_

**I Әскери бөлімде (мекемеде) алдын ала кәсіби іріктеу**

12. Моральдық қасиеттері \_\_\_\_\_

**13. Психологиялық тексеру нәтижелері:**

Әдістеме атауы	Көрсеткіштер	Ескертпе

Психологиялық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды

14. Әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы

**15. Дене дайындығын тексеру нәтижелері:**

Тексерілетін жаттығулар	Өлшем бірліктері	Нәтижелер	Бағалар

Дене дайындығын қорытынды бағалау \_\_\_\_\_

**16. Жалпы білім беру пәндері бойынша тестілеу нәтижелері:**

Пән	Балл	Жалпы балл

17. Бірлестіктің шақыру комиссиясының қорытындысы және әскери оқу орнына конкурстан тыс қабылдау жөніндегі ұсыныстар

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_  
(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

## II. Әскери оқу орнында кәсіби іріктеу

18. Моральдық қасиеттері \_\_\_\_\_

---

---

19. Психологиялық тексеру нәтижелері:

Әдістеме атауы	Көрсеткіштер	Ескертпе

Психологиялық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды

---

---

20. Әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыштар) комиссияның қаулысы

---

---

21. Дене дайындығын тексеру нәтижелері:

Тексерілетін жаттығулар	Өлшем бірліктері	Нәтижелер	Бағалар

Дене дайындығын қорытынды бағалау \_\_\_\_\_

22. Жалпы білім беру пәндері бойынша тестілеу нәтижелері:

Пән	Балл	Жалпы балл

23. Әскери оқу орны қабылдау комиссиясының қорытындысы

---

---

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

Комиссияның жауапты хатшысы: \_\_\_\_\_

(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ғ а н ы с

м и н и с т р л і г і н і ң

ә с к е р и

о қ у

о р ы н д а р ы н а

қ а б ы л д а у

қ а ғ и д а л а р ы н а

4-қосымша

Үлгі

(әскери оқу орнының атауы)  
факультетіне (бөлімшесіне)

**түсуші үшін кәсіби іріктеу**

**картасы**

1. Тегі, аты, әкесінің аты  
2. Туған жылы және айы  
3. Ұ л т ы  
4. Білімі \_\_\_\_\_

(оқу орнының атауы және бітірген жылы)

5. Әлеуметтік шығу тегі \_\_\_\_\_

6. Лауазымы және жұмыс өтілі \_\_\_\_\_

7. Мемлекеттік наградалары \_\_\_\_\_

8. Спорттық атағы немесе спорттық разряды (спорт түрі)

**I. Қаланың (облыстың) қорғаныс істері жөніндегі басқармасында ( бөлімінде) алдын ала іріктеу**

9. М о р а л ь д ы қ қ а с и е т т е р і

10. Психологиялық тексеру нәтижелері:

Әдістеме атауы	Көрсеткіштер	Ескертпе

Психологиялық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды

11. Әскери-дәрігерлік комиссияның қаулысы

12. Дене дайындығын тексеру нәтижелері:

--	--	--	--

Тексерілетін жаттығулар	Өлшем бірліктері	Нәтижелер	Бағалар

Дене дайындығын қорытынды бағалау \_\_\_\_\_

**13. Жалпы білім беру пәндері бойынша тестілеу нәтижелері:**

Пән	Балл	Жалпы балл

**14. Аудандық (қалалық) шақыру комиссиясының қорытындысы және әскери оқу орнына конкурстан тыс қабылдау жөніндегі ұсыныстар**

---



---



---

**15. Кәсіби іріктеу жөніндегі комиссияның қорытындысы. Негіздемелер бар болған кезде әскери оқу орнына конкурстан тыс қабылдау жөнінде ұсыныс енгізіледі** \_\_\_\_\_

---



---

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_  
(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

**II. Әскери оқу орнына кәсіби іріктеу**

**16. Моральдық қасиеттері**

---



---



---

**17. Психологиялық тексеру нәтижелері:**

Әдістеме атауы	Көрсеткіштер	Ескертпе

Психологиялық тексеру нәтижелері бойынша қорытынды

---



---

**18. Әскери-дәрігерлік (дәрігерлік-ұшқыштар) комиссияның қаулысы**

---



---

**19. Дене дайындығын тексеру нәтижелері:**

--	--	--	--



						онда болу уақыты	атағында болған мерзімі	негіздеменің бар болуы	және моральдық қасиеттері		

а) Жоғары оқу орнының мамандықтары бойынша қойылатын талаптарды қанағаттандыратын психологиялық деректерді, дене дайындығын ескере отырып, жоғары моральдық қасиеттері, денсаулық жағдайы бар және жалпы білім беру (әскери) пәндер бойынша жоғары нәтижелерді көрсеткен кандидаттар оқуға қабылданын:

Жиыны қабылданды адам.

Соның ішінде: адам - жалпы білім беру (әскери) пәндер бойынша білімдерін тексермей;  
адам - конкурстан тыс;  
адам - басымдық тәртібінде конкурс бойынша.

б) Белгіленген талаптарға жауап бермейтін кандидаттарды қабылдаудан бас тартылсын.

Комиссия төрағасы \_\_\_\_\_

Комиссия төрағасының орынбасары \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің  
әскери оқу орындарына  
қабылдау қағидаларына  
б-қосымша

### Әскери оқу орындарына қабылдау емтихандары Ұлттық бірыңғай тестілеу, кешенді емтихан) өткізілетін пәндер тізбесі

Р/с №	Әскери оқу орындарының (факультеттердің, мамандықтардың) атауы	Пәндер атауы
1	Ұлттық қорғаныс университеті	Кешенді емтихан (жалпы тактика, әскер тектерін жауынгерлік қолдану, қамтамасыз етудің барлық түрлері, тактикалық-техникалық сипаттамасы, қару-жарактың жауынгерлік мүмкіндіктері). Дене дайындығы. Шетел тілі.
2	ҚР ҚМ жоғары командалық, инженерлік әскери оқу орындары	Ұлттық бірыңғай тестілеу: Қазақстан тарихы; қазақ (орыс) тілі; математика (бейіндік пән); таңдау бойынша пән (шетел тілі - әскери аудармашы және әскери өлкетанушы үшін, физика - басқа мамандықтар үшін)

Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрлігінің



әскери оқу орындарына  
қабылдау қағидаларына

7-қосымша

Үлгі

Бекітемін

Қабылдау комиссиясының төрағасы

( ла у а з ы м ы )

(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

20 ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бойынша емтихан  
(пәннің немесе кешенді емтиханның атауы)

тапсыру туралы № қабылдау комиссиясы шағын комиссиясы отырысының  
20 ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ хаттамасы

(әскери оқу орнының атауы)

Қ а т ы с қ а н д а р :

шағын комиссия төрағасы \_\_\_\_\_  
(әскери атағы, тегі, аты-жөні)

шағын комиссия мүшелері \_\_\_\_\_  
(әскери атағы, тегі, аты-жөні)

(әскери атағы, тегі, аты-жөні)

№ қабылдау комиссиясының шағын комиссиясы мынадай бағаларды қоюды  
қаулы етеді:

Р/с №	Әскери атағы	Тегі, аты-жөні	Емтихан билетінің нөмірі	Бағасы (жазбаша)	Ескертпе
1					
2					

Шағын комиссия мүшелерінің ерекше пікірі

---

Шағын комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_  
(әскери атағы) (аты-жөні және тегі)

Шағын комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_  
(әскери атағы)(аты-жөні және тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК